



Н.О. Байгабылов, Г.Д. Исахова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан*

(E-mail: n.baigabyl@mail.ru, issakhova_gd@mail.ru)

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси мәдениет

Аңдатпа. Ғылыми мақалада, қазіргі ақпараттық қоғамдағы саяси жүйелер мен бұқаралық ақпарат арасындағы өзекті байланыстар қарастырылған. Авторлар зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеу мақсатында ғылыми сұрақтар қоя отырып, теориялық еңбектер мен интернет желісіндегі түрлі сайттарға, ғылыми зерттеу жұмыстарына талдау жасау арқылы жүзеге асырған. Ғылыми мақалада, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік ғылымдар саласындағы «саяси мәдениет» түсінігіне теориялық және эмпириялық талдау жасалған. Адамдарда саяси мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін негізгі көздер ретінде, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметтері мен үкіметтің мемлекеттік қызметтерді халыққа жеткізудегі цифрлік технологияларды қолдану практикасы сараланған. Саяси жүйені басқарудың бір бағыты ретінде, мемлекеттік субъектілердің ақпарат таратудағы қызметтері, соның ішінде электрондық үкіметтің дамуы және оның халықаралық рейтингтегі орны көрсетіліп, қазақстандық саяси жүйенің қаншалықты дамып отырғандығына талдау жасалған. Сонымен қатар, авторлар тарапынан қазақстандық электронды үкіметтің отбасы, әлеуметтік қамсыздандыру, құқықтық көмек, денсаулық сақтау, көші-қон, білім, транспорт, еңбекпен қамту сияқты салаларға қатысты қызметтерді виртуалды жүзеге асыруға бағытталғандығын айқын көрсете отырып, оның халық арасында саяси мәдениеттің жаңаша формасын қалыптастыруға ықпал етіп отыруы мүмкін деген болжам жасалған.

Зерттеу әдістері ретінде, теориялық-әдіснамалық талдау, статистикалық талдау, мәліметтерді екіншіреттік талдау. Мақаланың негізгі мәліметтері БАҚ, цифрлік технологиялар, электрондық үкімет және БҰҰ-ның зерттеу жұмыстары. Мақала қорытындысында, БАҚ мен саясаттың байланысы кешенді қарастырыла отырып, қазақстандық тәжірибедегі электронды Үкіметтің рөлі сипатталған.

Түйін сөздер: бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ), саяси мәдениет, цифрлік технология, электронды үкімет, ақпараттық қоғам, билік, саясат, ресурс, әлеуметтік институт, тәсіл.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-385-393>

Кіріспе

Қазіргі заманда бұқаралық ақпарат қоғамды тиімді басқарудағы ең ықпалды құралдар жиынтығы болып отыр. Адамдардың базалық қажеттіліктеріне айналған «ақпаратқа» деген қажеттілік қоғамдық мәселеге айналып отыр. Адамдардың түрлі ақпараттармен

қамылуына құзіретті субъектілер (соның ішінді БАҚ) барынша әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы адамдарың санасына, мәдениетіне, өмірлік құндылықтарына әсер етуде. Сонымен қатар, ақпарат қазір ең бай ресурстар қатарында, осы ресурстарды тиімді қолдану әр қоғамның, әлеуметтік институттардың және жеке адамдардың еншісінде болып отыр.

Ғылыми мақаланың басты мақсаты – мақаланың тақырыбын ашу үшін ғылыми сұрақтар қоя отырып, оның жауабын теориялық еңбектер мен эмпирикалық мәліметтерді талдау арқылы негіздеу. Тақырып шеңберіндегі қойылатын ғылыми сұрақтар: ақпараттық құралдар мен цифрлік құралдардың бірігуі «саяси мәдениеттің» қалыптасуына қаншалықты әсер етуі мүмкін? Электронды үкіметтің қызметтері саяси мәдениетке әсер етеді ме? Себебі, біздің болжамымыз бойынша, саяси мәдениеттің қалыптасуы әр елде түрлі факторлардың әсер етуімен құрастырылады және соның ішінде, әр елдің саяси билік жүйесі мен ақпараттық, цифрлік құралдардың қызметтері саяси мәдениеттің қалыптасуында елеулі орынға ие болады.

Жалпы саяси мәдениеттің қалыптасуы – бұл, адамдардың өз мемлекетінің саясаты мен саяси өмірі туралы идеялары мен білімдерін дамыту, саяси процесті талдауда және жеке адамның өмірін бейнелеуде осы идеяларды көрсететін процесс. Саяси мәдениетті қалыптастыру процесі қоғамның (оның азаматтарының, саяси институттардың, ұйымдардың) бірлескен қызметінің нәтижесі болып табылады және жеке тұлғаны мемлекет пен қоғам құратын ақпараттық өріске біртіндеп енгізу ретінде де қарастырылуы мүмкін. Сондықтан, қоғамның саяси мәдениеті әртүрлі факторлардың әсерінен қалыптасады, оны ғылым «кез-келген процеске немесе құбылысқа ықпал ететін маңызды жағдай» ретінде анықтайды [1]. Осындай факторлардың бірі – қажетті саяси ақпарат ағындарын құруға әсер ететін саяси мәдениетті қалыптастыру жөніндегі субъектілердің қызметтері.

Қазақстандық шынайылықта саяси мәдениетті қалыптастырудың негізгі субъектілері: мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық және діни ұйымдар, білім беру және ғылыми мекемелер, әсіресе тиімді құралға айналған бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ). Бұқаралық ақпарат – тұлғалардың шектеусіз топтарына арналған баспа, дыбыс-бейне және өзге де хабарлары мен материалдары болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралының өзіндік өнімдерге ие болады, олар – мерзімді баспасөз басылымының жеке нөмірінің немесе дыбыс-бейне бағдарламасының таралымы немесе таралымының бір бөлігі, радио-, теле-, кинохроникалық бағдарламалардың жеке шығарылымы, интернет-ресурста орналастырылған ақпарат т.б. [2].

Бұқаралық ақпарат құралдары өзіндік ерекшелігі ие болып келеді, БАҚ мемлекеттік билікті айналып өтіп, халыққа, саяси партиялар мен ұйымдарға, діни мекемелерге, білім ордаларына, отбасыларға, т.б. мықты ықпалын тигізеді. Ақпарат берудің басты сипаты мен тәсілдерімен анықталатын түріне қарамастан, БАҚ саяси жүйенің институты болып табылады, ол азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыруға бағытталған саяси-әлеуметтендіру функциясын жүзеге асырады. БАҚ сонымен қатар, қоғамда жалпы сипаттағы бірқатар функцияларды жүзеге асырады: құрылтай, реттеуші, қорғау және нормативтік-құндылықтар қалыптастыру [3]. Осы функцияларды көру арқылы біз, БАҚ қоғамды билеуші және қоғамдық идеяларды қалыптастырушы сала екендігін көре аламыз.

Қазіргі таңда БАҚ өнімдері арқылы қоғамдағы саяси мәдениетті жақсы қалыптастыру керек екендігі өте өзекті мәселе болып отыр. Оған себеп, БАҚ мемлекеттік билікке қатысты қандай ақпарат таратса халықта сондай көз-қарастар қалыптасуы мүмкін, яғни жағымды ақпарат тараса халық арасында жағымды құндылықтар мен идеологиялары мен түсініктері қалыптасуы мүмкін дегенді білдіреді. Сондықтан да, қазақстандық қоғамдағы цифрлік технологиялар мен БАҚ-ның оңтайлы ұштасуы халықты тиімді басқаруға және халық арасында мемлекетпен жағымды байоаныс орнатуға болады дегенді айқындайды. БАҚ өз функцияларын орындай отырып, қоғам, мемлекет, жекелеген әлеуметтік институттар мен ұйымдар, жеке тұлғаның мүддесі үшін субъектілік қатынастарды нақты реттей келе, мемлекеттегі төртінші билік ретінде әрекет ете алады. Қоғамда саяси ақпараттарды таратуы және мемлекеттік қызметтер жүйесін тиімді ұйымдастыруы халықтың өзіндік саяси мәдениетін қалыптастыратыны сөзсіз.

Халықаралық әлеуметтік ғылымдар энциклопедиясына Л.Пай атты ғалымның «саяси мәдениет» анықтамасы енгізілген. Л.Пай бойынша, саяси мәдениет – бұл саяси процестің дәйектілігі мен мағынасын беретін және саяси жүйеде мінез-құлықты басқаратын негізгі түсініктер мен нормаларды қамтамасыз ететін бағдарлардың, сенімдер мен пікірлердің жиынтығы[3]. Осы тұста біз саяси мәдениеттің қалыптасуына БАҚ-ның әсерінің қаншалықты екенін көруімізге болады. Сондықтан, осы мақала шеңберінде біз «саяси мәдениет» түсінігін кеңінен тарқата отырып, оны анықтаудағы әртүрлі ғылыми тәсілдеріне теориялық шолу жасаймыз.

Саясатты талдаудың мәдениеттанулық аспектісі Аристотель, Демокрит, Платон, Полибий еңбектеріндегі «үзінділер» болады. М.Вебер, Л.Гумплович, Д.Дидро, Г.Зиммель, Н.Макиавелли, К.Маркс, Р.Мишельс, Ш.Л. Саяси процесті бағалаудың аксиологиялық әдістерінің басымдылығын көрсететін Монтегье, В.Парето, Ж.Руссо, А.де Токвиль, А.Шопенгауэр қоғамдық өмірдің саяси және мәдени құрамдас бөліктерінің ажырамас байланысын атап өтеді.

Алпысыншы жылдар саяси мәдениет мәселелерін зерттеудің ең танымал кезеңі болып саналады. Альмондпен Верба саяси бағыттарды анықтай отырып, саяси құрылым жүйелерін талдайды, соның нәтижесінде өзіндік матрицаны құрастырады. Аталмыш зерттеушілер Ұлыбритания, АҚШ, Мексика, Германия және Италия елдеріндегі зерттеген «ұлт» өкілдерінің арасында саяси объектілердің белгілі бір кластарына қатысты бағдарлардың жекелеген түрлерінің қаншалықты кең тарағандығы анықтады, олар:

- *парохиалды* (патриархалды, провинциялық) саяси мәдениет - жеке сфера ретіндегі саясат туралы қандай да бір идеялардың мүлдем болмауымен және саяси бағыттардың басқа бағыттардан (діни, экономикалық) бөлінбеуімен сипатталады;
- *мойынсұнушы* саяси мәдениет - пассивті саяси мінез-құлықпен және жеке тұлғаның саяси жүйеге деген көзқарасымен ерекшеленеді; субъект саяси жүйе туралы білімге ие және оған мойынсұнуды біледі, ал ол өзін белсенді қатысушы, саяси жүйенің субъектісі ретінде түсінбейді;
- *партиципаторлық* (белсенді) саяси мәдениет - жеке тұлғалардың саяси өмірге белсенді қатысуын сипаттайды.

Әр қоғамда мемлекеттің саяси билігінің формасына байланысты және әлеуметтік-экономикалық, мәдени формаларына қатысты өзіндік мәдени саясатты қалыптастырады, сондықтан да, әр елде саяси мәдениеттің әртүрлі формалары кездеседі. Жалпы, саяси мәдениет туралы әлеуметтік ғылым саласында көптеген сыни пікірталастар болған, соның нәтижесінде саяси мәдениет бірнеше теориялық келістермен тұжырымдалады.

Құрылымдық-функционалдық тәсіл бойынша - саяси мәдениет, саяси жүйенің құрылымдық элементі ретінде қарастырылады және қоғам үшін маңызды функцияларды орындайды (қолдаушылар – сол Алмонд, Верба, Пай). Жалпы алғанда, 1950-1960 жылдары ұсынған тұжырымдамалар белгілі бір субъективизммен ерекшеленеді, бұл ғалымдардың зерттеу объектісі негізінен саяси процестің субъективті компоненттері – азаматтардың саясатқа қатысты құндылықтары, бағдарлары және адам қызметінің басқа да әлеуметтік-психологиялық аспектілері болды.

Саяси мәдениет құбылысын зерттеудегі көрсетілген кемшіліктерді *бихевиоризм тәсіліне* жатқызуға болады, оның аясында тек саяси мәдениет адамдардың мінез-құлық аспектілерімен түсіндіріледі және оларды бақылау арқылы ғана зерттеуге баса назар аударуды қолдайды. Сондықтан, саяси мәдениет тек эмпирикалық түрде бекітілген индикаторлар жиынтығы ретінде сипатталды.

Әлеуметтік-мәдени тәсіл бойынша, саяси мәдениетті қоғамда болып жатқан өзгерістер мен субъективті факторлардың әлеуметтік процестерге кері әсері тұрғысынан зерттеумен байланысты болды. Рональд Инглехарт – осы бағыттың ең беделді өкілі. Рональд Инглехарт пайымдауынша, адамның өмірлік қауіпсіздігі ол, жеке тәуелсіздігінің жоғары деңгейімен байланысты деп тұжырымдайды.

Мәдени бағыттың өкілдері қоғамдық-саяси дамудағы мәдени фактордың шешуші рөлі туралы ережеден, қоғамның жалпы мәдениетінің ажырамас бөлігі бола отырып, саяси мәдениеттің белгілі бір автономияға ие екендігінен туындайды. Қазіргі Мәдениеттанудың ең көрнекті мысалдарының бірі-Сэмюэл Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» жұмысы, онда қазіргі әлемдегі қақтығыстың негізгі көздері экономикалық немесе идеологиялық емес, мәдени факторлар мен құндылық айырмашылықтарынан туындайды деген тұжырымдарды алға тартады.

Интерпретативті тәсілдің өкілдері (Клиффорд Гиртц, Роберт Такер, Пьер Бурдьё, Энтони Гидденс) мәдениетті семиотикалық кеңістік ретінде қарастырады: олар таңбаларға, мәдениеттің құрамдас элементтері ретінде белгілер жүйесіне, оларға тән мағыналарды іздеуге бағытталған[4].

Ғылыми тәсілдерді талдай келе, біз саяси мәдениеттің қалыптасуына қоғамда көптеген факторлардың әсер ететіндігін байқауымызға болады, жеке адамнан бастап (құндылықтары, мінез-құлқы, мәдениеті) және оны қоршаған ортасы, әлеуметтік институттардың қызметтері (субъектілер) т.б., дегенмен, аталмыш элементтерді байланыстыратын, бір-бірімен ақпарат алмасуға әсерін тигізетін басты құрал БАҚ болып қала береді.

Жалпы, қоғамда БАҚ келесідей нақты функцияларды орындайды:

Ақпараттандыру функциясы. БАҚ жұмысының негізі болып табылады. Көптеген зерттеушілер ақпараттандыруды насихат тарату немесе үгіттеу-насихаттаумен байланыстырады (лат. propaganda – бұл қоғамдық санаға енгізу) және жаппай практикалық қызметті жандандыру мақсатында саяси, философиялық, ғылыми, көркемдік және басқа да көзқарастар мен идеяларды таратуды білдіреді. Ақпараттандыру міндеті – жеке адамның санасына белгілі бір әлеуметтік-саяси немесе басқа ақпараттар кешенін жеткізу, оны іс-әрекетке басшылық ретінде қабылдау немесе қабылдамауды өз бетінше таңдауға мүмкіндік беру.

Тәрбие қызметі. Ол моральдық сенімдерді, құндылықтарды, оның ішінде саяси сипаттағы көзқарастарды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, жеке тұлғаның саяси мәдениетінің бекітілген аспектісі қалыптасады, саяси білімді адамның мінез-құлық мотивтерін реттейтін құндылық сенімдеріне айналдырады.

Басқару функциясы. Саяси мәдениетті стандарттау, сондай-ақ пікірлер мен көзқарастарды біріктіру қабілетімен сипатталады. Қазіргі заманғы БАҚ қоғамның мінез-құлық нұсқауларына айтарлықтай әсер етеді, бұқаралық ақпарат құралдарының басқару функциясының параметрлері олардың басқада функцияларының қызметінің бағытын белгілейді.

Коммуникативті функция. Бұл функция бойынша, адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетіледі. Бұқаралық ақпарат құралдары тігінен де, көлденеңінен де ортақ әлеуметтік және саяси мәселелер аясында адамдарды біріктіре алатын саяси субъектілер арасындағы делдалға айналады [5].

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері ретінде, теориялық-әдіснамалық талдау, статистикалық талдау, мәліметтерді екіншіреттік талдау жүзеге асырылады. Мақаланың негізгі мәліметтері БАҚ, цифрлік технологиялар, электрондық үкімет және БҰҰ-ның зерттеу жұмыстары.

Қазақстанда жыл сайын есепке алынған БАҚ бойынша ресми статистика жарияланып отырады, еліміздің аумағында 2022 жылы 449 - Отандық БАҚ, 11 - шетелдік БАҚ есепке алынған екен. Сонымен қатар, БАҚ өзіндік жұмыс жасайтын бағыттарға ие, оларды біз диаграммада көрсетеміз.

Диаграмма 1



Авторлар диаграманы <https://www.gov.kz/> сайтынан алынған мәліметтерден құрастырған. Қазақстан Республикасында 2022 жылы 460 БАҚ есепке қойылған, оның ішінде 158 - мерзімді баспа басылымы, 4 – телеарна, 2 - радио, (94 - ақпарат агенттігі, 191 – желілік басылым) 285–интернет БАҚ. Мәліметтер бойынша талдауда, біз, БАҚ ең көп ақпарат тарататын көздері интернет арқылы екенін көруімізге болады. Осы мәліметтен байқауға болатын жағдай, қазақстанда адамдардың саяси мәдениетін қалыптастыруға ең көп ықпал тигізетін интернет БАҚ екенін мәлімдейміз. Сондықтан, интернетті «бесінші билік» деп атауға болады – өйткені, ол адам қызметінің барлық салаларына еніп, саяси мәдениеттің жаңаша түрлерінің пайда болуына жол ашуы мүмкін, жаңа сипатқа ие азаматтық қоғамды қалыптастыратын бірден-бір құрал.

Талқылау

БАҚ осы интернетте қолданылатын цифрлік технологиялар арқылы азаматтардың саяси санасы мен мінез-құлқына белсенді әсері етуде және мемлекет өз тарапынан электронды қызметтер көрсету арқылы халықтың өмір сүру жағдайын өзгертуде. Бұқаралық коммуникацияны зерттеушілер келе жатқан «медиаократия» дәуірі, яғни бұқаралық ақпарат құралдарының күші туралы пікір таластар жасауда. Ең бастысы, бұқаралық ақпарат құралдарының сайлаушылардың ұстанымдарына әсері емес, саяси процестің белсенді қатысушыларына ықпалы болып отыр. Бұған дейін «теледемократия» деп белгіленген саяси коммуникацияның заманауи үлгісі шын мәнінде қоғам тарапынан жауапкершілік дәрежесін арттырып, демократияның дамуына жаңа серпін беретін «желілік демократияға» итермелей бастады. Олар компьютерлік желілерді пайдалану арқылы тікелей демократияның жаңа жаңғыруы мүмкін деп болжайды.

Ақпараттық революция әртүрлі мемлекеттер арасындағы кедергілерді жеңуге көмектеседі. Оның маңызды үлкен оң жетістігі Интернеттің ашылуы болды, бұл адамзат дамуының жаңа кезеңіне өтуге мүмкіндік берді. Интернет саяси коммуникацияның негізгі құралына айналды, өйткені бұл дүниежүзілік компьютерлік желі әлемнің көптеген

мемлекеттерін біріктіреді, мемлекеттік шекаралардың жойылуына ықпал етеді. Интернет құрылымының ерекшеліктері қазіргі уақытта азаматтық қоғамның виртуалды моделі болып табылады. Кеңістікті, ең алдымен электрондық БАҚ-ты дамыту азаматтық қоғамның белсенді дамуына алып келеді.

Жалпы, Қазақстандағы БАҚ пен азаматтық қоғамды институттандыру мәселесін зерттеумен айналысқан ғалымдар А. С. Сәрсенбаев, Г.Ж. Ибраева, В.Г. Вишниченко, Н. Саяқбаев, Н. Амрекулов, Н. Саханов, А. Г. Косиченко, Г.В. Малинин және В. Ю. Дунаев т.б. Қазақстандық ғалым А. Сәрсенбаев саясатты медиатизациялау ретінде айқындайтын үрдіс бар екенін атап өтті. Зерттеушінің пайымдауынша, «Саясаттың дамуындағы бұл үрдіс әсіресе XX ғасырдың екінші жартысында байқалды. Осы күрделі әлеуметтік-саяси құбылыстың негізгі құрамдас бөліктері мыналар болып танылуы керек: саясаткерлердің жанды қарым-қатынасты емес, барған сайын БАҚ-ты пайдалануы; белгілі бір саяси рәсімдерді (дауыс беру, интернет-конференция, интернет-пікірталас және т. б.) жүргізу үшін БАҚ-ты пайдалануы; саясатта БАҚ-та пайда болған немесе басым пайдаланылған әдістерді қолдануы» [6]. Бұл деген, мемлекеттік биліктегі адамдардың БАҚ және интернет құралдарын пайдалана отырып тікелей емес, жанама әсер етіп отырғандығын білдіреді, бұл өз кезегінде билік пен халықтық арасын алшақтатып жіберуі мүмкін.

Нәтижелер

Цифрлық технологиялар физикалық, цифрлық және биологиялық салалар арасындағы шекараларды барынша жойып келеді және адамдардың өмір сүру, жұмыс істеу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін тез өзгертеді. Мемлекеттік сектор бұған мысал бола алады; саясат, институттар, стратегиялар мен құралдар тұрғысынан Үкімет пен электронды Үкімет арасында енді нақты айырмашылық немесе бөліну болмайтынын байқауымызға болады. Осы пайымдауды растайтын тағы бір себеп ол, еліміздегі электронды үкімет порталы. 2004 жылы электрондық үкімет құру идеясы Президенттің 19 наурыздағы жыл сайынғы Жолдауында айтылған. egov.kz веб-порталы 2006 жылы іске қосылды. «Электрондық үкімет» азаматтар мен бизнес үшін мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасаудың негізгі құралы болып табылады, ол мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның халықаралық рейтингтеріне де әсер етті [7]. 2022 жылы БҰҰ жариялаған «Исследование ООН: Электронное правительство 2022» атты зерттеу жұмысында Қазақстан әлем бойынша 28-орынды және EGDI (ЭҮДИ) ең жоғары мәндері бар теңізге шыға алмайтын дамушы елдер арасында 1-орынды алып тұр [8]. Бұл, Қазақстанда IT технологиясының өте жоғары деңгейде дамып отырғанын, соның ішінде электронды үкіметтің қарқынды, тиімді жүзеге асып отырғандығын көрсетеді. Электронды үкімет отбасы, әлеуметтік қамсыздандыру, құқықтық көмек, денсаулық сақтау, көші-қон, білім, транспорт, еңбекпен қамту сияқты салаларға қатысты қызметтерді виртуалды жүзеге асыруға бағытталған. Бұл қызметтер халықтың өмір сүру сапасын едәуір жақсартты.

Цифрлық үкіметтің дамуымен бүкіл әлемде мемлекеттік әкімшіліктер мен институттар құрылымдық жағынан да, үкіметтер мен олар қызмет көрсететін адамдар арасындағы қарым-қатынастың динамикасы тұрғысынан да қайтымсыз өзгерді. Бұл бақылаулар Біріккен Ұлттар Ұйымының электронды үкіметті зерттеуінің жиырма жылдық талдауы мен тренд мониторингіне негізделген. БҰҰ-ның зерттеушілерінің мәліметі бойынша «цифрлық үкімет маңызды нүктеге жеткен. Бұл енді жеке немесе көмекші құрал емес, Үкіметтің жұмысындағы кемшіліктер мен тиімсіздіктер үшін де панацея емес; оны мемлекеттік мекемелердің физикалық жұмыс істеуі мен қызмет көрсетудің ажырамас және мұқият интеграцияланған аспектісі ретінде қарастырған жөн» деп пайымдайды. Электронды үкіметтің пайда болуы, халықтың ашық және сенімді базаларды еркін тұтынуына алып келді, ол өз кезегінде халықтың ақпараттық сауаттылығын жоғарлатуға көмектеседі.

Қорытынды

Мақаланы қорытындылай келе, Электронды үкімет адамдарда саяси мәдениеттің қалыптасуына қаншалықты әсер етуі мүмкін деген сұраққа жауап беретін болсақ, электронды үкімет халық тұтынатын қызметтерге барынша қол жеткізе алуына септігін тигізіп отыр, соның нәтижесінде сапалы қызметтерді тұтыну халықтың саяси мәдениеттің қалыптасуына әсерін тигізуі мүмкін деп болжаймыз. Яғни электронды үкімет қаншалықты тиімді жұмыс жасаса, соншалықты халық арасында мемлекеттік билікке деген сенімдік жоғарылап саяси мәдениет қалыптасады. Сенім – мемлекет үшін баға жетпес байлық пен әлеуметтік капитал. Елге сенетін азамат замануи тұлғаның ең басты белгісі және демократияның жоғары көрсеткішін бейнелейтін қасиет.

Цифрлік технологиялар немесе адамдарды қашықтықтан басқару, қызметтерді оңай жеткізу саясаттың басты және жалғыз құралына айналмауы керек, өйткені адамдар арасындағы тікелей коммуникацияда маңызды құндылық болып табылады. Әрине цифрлік технологияларды дамыту арқылы электронды үкіметтің жұмысын жеңілдету, тек ғана саяси мәдениетті толық қалыптастыру дегенді білдірмейді, дегенмен, бұл процесс саяси мәдениеттің жаңа формаларын қалыптастыруға үлкен ықпалын тигізетіні анық. Сондықтан, авторлар тарапынан мемлекеттік билік жүйелеріне және зерттеушілерге Электронды үкімет және БАҚ жұмыстарын кеңінен зерттейтін кластерлік зерттеулер жүргізуді ұсынамыз, бұл өз кезегінде қазақстандық саяси мәдениеттің жаңа формасын анықтауға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру. Мақала «Орталық Азиядағы интернет пен жаңа цифрлық медианың саяси салдары» (ИРН BR18574218)» атты жоба аясында қаржыландырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Бикбулатов М. К вопросу о формировании политической культуры средствами массовой информации. [Электронды ресурс] – URL: <https://archive.org/details/Bolshoy-tolkov-slovar-russkogo-yazyka-2000/page/12/mode/2up> [өтініш берілген күн: 12.05.2023].
2. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңы. [Электронды ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451> [өтініш берілген күн: 12.05.2023].
3. Pye L. Political Culture // International Encyclopedia of Social Sciences. – 1961. – Vol. 12. – P. 487-508.
4. Каспэ С.И. Политическая культура постсоветских стран: экспертная рефлексия. – Москва, Издательство: Фирма «Адапт», 2017. – 216 с.
5. Бикбулатов М. К вопросу о формировании политической культуры средствами массовой информации. Институт социологии ФНИСЦ РАН // Журнал «Власть». – 2012. – №3. – С. 92-93.
6. Сәрсенбаев А.С. Өтпелі кезеңдегі Қазақстан Республикасының ақпараттық саясатын қалыптастыру стратегиясы. – Алматы, 2000. – 162 б.
7. Мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат порталы. [Электронды ресурс] – URL: <https://egov.kz/cms/ru> [өтініш берілген күн: 03.06.2023].
8. Исследование ООН: Электронное правительство 2022. Будущее цифрового правительства. Организация объединенных наций. [Электронды ресурс] – URL: <https://desapublications.un.org/sites/default/files/publications/2023-2/UN%20E-Government%20Survey%202022%20-%20Russian%20Web%20Version.pdf>. [өтініш берілген күн: 05.06.2023].

Н.О. Байгабылов, Г.Д. Исахова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Политическая культура в средствах массовой информации

Аннотация. В научной статье рассматриваются актуальные отношения между политическими системами и массовой информацией в современном информационном обществе. В целях обоснования актуальности темы исследования авторами осуществлена постановка научных вопросов, проведен анализ теоретических работ и различных сайтов в сети интернет, научно-исследовательских работ. В научной статье представлен теоретический и эмпирический анализ понятия «политическая культура» в сфере массмедиа и социальных наук. В качестве основных источников, влияющих на формирование политической культуры у людей, выделяются услуги СМИ и практика использования государством цифровых технологий при оказании государственных услуг населению.

В качестве одного из направлений управления политической системой отражены функции государственных субъектов в распространении информации, в том числе развитие электронного правительства и его место в международном рейтинге, проведен анализ того, насколько развита казахстанская политическая система. Кроме того, авторами высказано предположение, что казахстанское электронное правительство может способствовать формированию новой формы политической культуры среди населения, наглядно демонстрируя ориентированность на виртуальное осуществление деятельности в таких сферах, как семья, социальное обеспечение, правовая помощь, здравоохранение, миграция, образование, транспорт, занятость.

Методы исследования: теоретико-методологический анализ, статистический анализ, вторичный анализ данных. Основными данными статьи являются СМИ, цифровые технологии, электронное правительство и исследовательские работы ООН. В заключении статьи описывается роль электронного правительства в казахстанском опыте с комплексным рассмотрением взаимосвязи СМИ и политики.

Ключевые слова: средства массовой информации (СМИ), политическая культура, цифровые технологии, электронное правительство, информационное общество, власть, политика, ресурс, социальный институт, подход.

N.O. Baygabylov, G.D. Issakhova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Political culture in the media

Abstract. The research paper examines the actual relations between political systems and mass information in the modern information society. To substantiate the relevance of the research topic, the authors have posed research questions and analyzed theoretical papers, various Internet sites, and research papers. The research paper presents a theoretical and empirical analysis of the concept of 'political culture' in the field of mass media and social sciences. Media services and the practice of using digital technologies by the state in the provision of public services to the population are singled out as the main sources influencing the formation of political culture among people.

As one of the directions of managing the political system, it reflects the functions of state entities in the dissemination of information, including the development of e-government and its place in the international ranking, and analysis of the development status of the Kazakh political. In addition, the authors suggested that Kazakhstan's e-government can contribute to the formation of a new form of political culture among the population, clearly demonstrating a focus on the virtual implementation of activities in such areas as family, social security, legal aid, healthcare, migration, education, transport, employment.

Research methods: theoretical and methodological analysis, statistical analysis, and secondary data analysis. The main data of the article are mass media, digital technologies, e-government, and UN research works. In conclusion, the article describes the role of e-government in Kazakhstan's experience with a comprehensive consideration of the relationship between the media and politics.

Keywords: mass media, political culture, digital technologies, electronic government, information society, government, politics, resource, social institution, approach.

References

1. Bikbulatov M. K voprosu o formirovanii politicheskoy kul'tury sredstvami massovoj informacii [On the issue of the formation of political culture by the media]. [Electronic resource] – Available at: <https://archive.org/details/Bolshoy-tolkov-slovar-russkogo-yazyka-2000/page/12/mode/2up> [Accessed: 12.05.2023]. [in Russian]
2. Bukaralykq aqparat kquraldary turaly Kazakstan Qazaqstan Respublikasynyn 1999 zhylygy 23 shildedegi N 451 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan On mass media dated July 23, 1999 No. 451 on mass media]. [Electronic resource] – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451> [Accessed: 12.05.2023]. [in Kazakh]
3. Pye L. Political Culture, International Encyclopedia of Social Sciences, 12, 487-508 (1961).
4. Kaspe S.I. Politicheskaya kul'tura postsovetskih stran: ekspertnaya refleksiya [Political culture of post-Soviet countries: expert reflection] (Moskva, Izdatel'stvo: Firma «Adapt», 2017, 216 s.) [Moscow, Publishing house: Firma «Adapt», 2017, 216 p.]. [in Russian]
5. Bikbulatov M. K voprosu o formirovanii politicheskoy kul'tury sredstvami massovoj informacii. Institut sociologii FNIS RAN, ZHurnal Vlast' [On the issue of the formation of political culture by the media. Institute of Sociology FNIS RAS, Magazine Vlast], 3, 92-93 (2012). [in Russian]
6. Sarsenbaev A.S. Otpeli kezendegi Kazakstan Respublikasynyn akparattyk sayasatyn kalypstastyru strategiyasy [The strategy of formation of the information policy of the Republic of Kazakhstan in the transitional period] (Almaty, 2000, 162 b.). [in Kazakh]
7. Memlekettik kyzmetter zhane onlajn akparat portaly [Government services and online information portal]. [Electronic resource] – Available at: <https://egov.kz/cms/ru> [Accessed: 03.06.2023]. [in Kazakh]
8. Issledovanie OON: Elektronnoe pravitel'stvo 2022. Budushchee cifrovogo pravitel'stva. Organizaciya ob"edinennyh nacij [UN Study: E-Government 2022. The Future of Digital Government. United Nations]. [Electronic resource] – Available at: <https://desapublications.un.org/sites/default/files/publications/2023-2/UN%20E-Government%20Survey%202022%20-%20Russian%20Web%20Version.pdf>. [Accessed: 05.06.2023]. [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Байгабылов Н.О. – Әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көш., 6, Астана, Қазақстан.

Исахова Г.Д. – Әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А.Янушкевич көш., 6, Астана, Қазақстан.

Baigabylov N.O. – Head of the Department of Sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 A. Yanushkevich st., Astana, Kazakhstan.

Issakhova G.D. – Senior Lecturer, Department of Sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 A. Yanushkevich st., Astana, Kazakhstan.